

Ойыл

ТҰРҒЫН ҮЙ БАҒАСЫ СҰРАНЫСҚА САЙ МА?

БҰРЫН-СОҢДЫ ОЙЫЛ ӨҢІРІНДЕ БОЛМАҒАН СУ ТАСҚЫНЫНАН ҮШ АУЫЛ СУ АСТЫНДА ҚАЛДЫ. АУДАНЫҢ КҮРЕ ТАМЫРЫ КӨПІР ҚИРАДЫ. АБДЫРАҒАН ХАЛЫҚҚА АЛЫС-ЖАҚЫННАН КЕЛГЕН ЖАНАШЫРЛАР ҚОЛҰШЫН СОЗДЫ. БІЗ НЕ ІСТЕДІК? ҚОЛЫМЫЗДАН КЕЛГЕНІ БАҒАНЫ КӨТЕРІП, «ЖЫҒЫЛҒАНДЫ ҚОСЫЛЫП ЖҰДЫРЫҚТАДЫҚ». АЛДЫМЕН АУДАНДАҒЫ АЛПАУЫТ КӨСІПКЕР КАРТОПТЫҢ БАҒАСЫН КӨТЕРІП, АЙҚАЙ-ШУҒА ҚАЛДЫ.



Оған Ойылдың ішіндегі де, «сыртындағы» да таксистер қосылды. «Сыныққа сылтау» іздеп жүргендерге, күре жолдың кейбір жерлерінің бүлінгені сеп болды. Басқа уәждері жоқ. «Жау жағадан алғанда, бәрі етектен тартады» дейтін сөз бар еді қазақ халқында. Еліміздің түпкір-түпкірінен қиналған ағайынға қалтасынан жырып жәрдем көрсетіп жатқанда, таксистердің ынсапсыздық танытуы көңілімізді қалдырды. Бағаны көтеріп, табандап тұрып алғаны ұят жағдай болды. Азаматтық, ауызбірлік, ағайыншылдық сыңа түсер сәттегі жүргізушілердің бұл тірлігін қалай ақтап алуға болады?

Бұл басқа көкірек-көзі ояу азаматтарға сабақ болса игі еді деп жүргенде, енді аяқ астынан үй сатушылар көбейіп кетті. Оған Үкіметтің зардап шеккендерге тұрғын үй салу

үшін әр пәтердің құны 22 млн. теңге жұмсалады дегені сеп болса керек! Және бәрінің бағасы 20-22 млн. теңге. Та-сқыннан туған үйлерін тастай қашуға мәжбүр болып, көпшіліктің қолдау-демеуіне күні түсіп отырған жұрттың көз жасынан пайда көргісі келіп отырғандар көңілге сызат түсірді. Табиғаттың тосын мінезімен бетпе-бет келген күннен бастап бел шешпей жүрген ауылдың белсенді ерікті жастарының ісі бәрімізге үлгі болса деп едік...

Жақсы. Нарықтың заңы – сұраныс бағаны көтерді. Бірақ, баға талапқа сай ма? Аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар келігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Айнат Қазмағамбетов, «Баспанасынан айырылған тұрғындар үшін

зардап шегушінің таңдауымен жаңа үй салынады немесе үш жақты келісім негізінде нарықтан дайын баспана сатып алынады» - дейді. Бүгінгі күні Ойыл селосындағы тұрғындардың өтініштеріне орай тұрғын үйлерді бағалаумен айналысып жүрген осы салада 15 жылдық тәжірибесі бар жеке бағалаушы Марина Акашаевадан бағалау шарттары туралы сұрадық.

- Әдетте, жылжымайтын мүлікті бағалау нарықтық немесе салыстырмалы әдіспен жүзеге асырылады. Ең бірінші айтатыным - біз алдымен кез-келген аудандағы тұрғын үй бағасын krisha.kz сайтындағы бағалар арқылы сараптаймыз. Мәселен, Ойыл ауданындағы тұрғын үйдің бағасы туралы ортақ базада қолжетімді ақпарат жоқ. Сондықтан, біз Ойыл ауданына жақын орналасқан ау-

дандардағы объектінің нарықтық құнын сол ауданда сатылған нысандардың ұқсас қасиеттерімен салыстыру арқылы бағалап отырмыз. Яғни, құжатта тұрғын үйдің құнын бағалаудың қандай әдісі қолданылғаны және қандай себептермен таңдалғаны көрсетіледі. Жылжымайтын мүлікті бағалау есебі клиентке түпкілікті көрсеткіштің неге негізделгенін толық түсіндіру үшін керек. Тұрғын үйдің құнын анықтау үшін бағалаушы нысанға барып, онымен танысып, мүлік орналасқан аумақты зерттейміз. Бағалау барысында ең бірінші тұрғын үйдің салынған жылы, аумағы, қабырғасының материалы, іргетасы, төбе жабындысы, ішкі жөндеу жұмыстары бәрі ескеріледі. Бір ғана мысал, менің қызметіме жүрген Ойыл селосындағы бір тұрғынның үйі 11 млн. теңгеге бағаланды. Міне, бұл Ойыл ауданындағы бағалау жүргізген маманның жауабы. Демек, «Базарда түйе қымбат дегенге, бұтын көтерген қорадағы қотыр тайлақ» сияқты, сұраныс бар екен деп бағаны көтергенмен үкіметтің қаржысынан «алып қалуға» екінің бірінің қолы жете қоймайды!

Бірақ, үй сатушы бағаланғаны осы екен деп отырған жоқ. Бәрі де 22 млн. теңгені көздеп, шіреніп отыр. Содан келіп, тұрғын үй құрылысын күткісі келмегендер үстіндегі үстемесін қалтасынан төлеуге мәжбүр.

P.S Өрине, бұл күнде өтер. Көп көшікпей уақытша көпір арқылы қатынас та түзеледі. Тұрғын үйлердің құрылысы да басталады...

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ХАЛҚЫН 7 МАМЫР - ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



7 мамыр
Отан қорғаушылар күні

Құрметті ойылдықтар!

7 мамыр – Мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен тыныштығының кепілі – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылған күні.

Баршаңызды айбыны асқақ, тағылымы терең, рухы биік айтулы мереке – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіз мемлекеттің ең басты қағидасы – мемлекет тұтастығын және Отан тыныштығын сақтау.

Егемен еліміздің шекарасы айқындалып, қазығы қағылып, іргеміз бекіді. Бейбіт те берекелі тұрмыс, ашық аспан, ел бақытының баянды болуы Отан қорғаушылардың қолында екені бәрімізге белгілі. Тәуелсіздігіміздің тірегі бекем, тұғыры биік болуы үшін жас ұрпақты білімді де саналы етіп тәрбиелеу алдығы буын ағаларға парыз.

Ұлт пен ұлысты ұйыстырар татулықтың туын желбіретіп, тәлімді ұрпақ тәрбиелеп отырған аталар жолы, өкелер ізі ғасырдан ғасырға жалғаса бермек! Біз қашанда «Азамат сыны – ерлік, ерлік сыны – елдік» деген аталы сөзді ұрпағының бойына сіңіре білген халықпыз.

Еліміздің әр азаматы өз Отанымыздың қорғаныс қабілетін нығайтуға, Қазақстан халқының игілігі мен бейбітшілігін қорғауға үлес қосуға міндетті. Отан қорғаушылар күні – Отанды қадірлейтін, оның тарихын құрметтейтін, ерлік пен жауынгерлік күшке ие нағыз ерлердің мерекесі.

Қазір дүние жүзін алауын жағып біздерге қарамастан сындарлы сәтте сыр бермей, ел қауіпсіздігі мен тыныштығын сақтауда ер азаматтар лайықты еңбек етуде.

Қымбатты жерлестер!

Сіздерді Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбастарыңызға баянды бақыт пен амандық, бірлік пен ынтымақ тілеймін.

Құрметпен, аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ХАЛҚЫН 9 МАМЫР - ЖЕҢІС КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қадірлі жерлестер!

Сіздерді – Ұлы Жеңістің 79 жылдық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

1941 - 1945 жылдардағы сұрапыл соғыста оқ пен оттың арасында жүріп, қатыгез жауды жеңген батыр аталарымыз мен аналарымыздың ерлік жолы ешқашан ұмытылмайды. Отан үшін қан төккен батырлардың рухы алдында қашанда бас иеміз. Бейбіт күннің алауын жағып біздерге Жеңіс сыйлаған ардагерлеріміздің есімі елмен бірге жасай бермек.

Бұл мереке – жанқияр ерліктің, еңселі елдіктің рухы асқақтап, Жеңіс жалауы желбіреген күн! Осы күні сұрапыл соғыста опат болған, дүниеден өткен жауынгерлерімізді еске алып, арамызда жүрген майдангерлеріміздің алдында бас иеміз. Мемлекет басшысы, Бас қолбасшы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай: «Аға буынның төндессіз ерлігін құрметтеп, зұлмат соғыстың зардаптарын ұмытпау – біздің қастерлі борышымыз!». «Ер басына күн туып, етігімен қан кешкен, ат басына күн туып, ауыздығымен су ішкен» қанды соғыс жылдарында қазақстандықтар майданның алдығы шебінде болуымен бірге тылдағы экономиканың да қуатты тірегіне айналды.

Соғыста қаншама боздақтар майдан даласында қалды, қыршын өмірлер қиылды. Бүгінде майдангер ардагерлеріміздің арамызда болмауы, Жеңіс мерекесін бізбенен бірге тойлай алауы өрине өте өкінішті...

Қан майданда жүрген жауынгерлерге дем беріп, тылда аянбай еңбек еткен аға - апаларымыз Жеңіс күнін жақындалуға лайықты үлес қосты. Сондықтан тыл ардагерлеріне деген құрметіміз шексіз. Біз «Ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды», – деген ұранды ұстанған елміз. Жаңа буын жас ұрпақ аға буын ардагерлер танытқан қаһармандық пен қайсарлықтан, батырлық пен батылдықтан үлгі алып, бой түзейді. Осынау ерлікке толы Күн тарихымыздың мәңгілік ұмытылмас парағы болып қала бермек.

Ардақты ағайын!

Бүгінгі жарқын өміріміз осы ардагерлеріміздің ерен ерліктерінің арқасы.

Баршаңызды Ұлы Жеңістің 79 жылдық мерекесімен тағы да құттықтай отырып, тәуелсіз мемлекетіміздің аспаны ашық, болашағы жарқын болғай!

Отбасыларыңызға бақ-береке, амандық тілеймін! Ұрпақтарыңыздың қуанышын көріңіздер! Жеңіс күні құтты болсын! Еліміз тыныш, халқымыз аман болсын!

Тәуелсіз Қазақстан жасасын!

Құрметпен, аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

МУЗЫКАЛЫҚ ЖАС КӨРЕРМЕН ТЕАТРЫНЫҢ ҚОЛДАУЫ

БЕЛГІЛІ РЕЖИССЕР, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ АСХАТ МАМИРОВ БАСТАҒАН АСТАНАЛЫҚ ТЕАТР «АҚТӨБЕ - БІЗ БІРГЕМІЗ!» ҰРАНЫМЕН АҚТӨБЕ ӨҢІРІНЕ ӨНЕР САПАРЫМЕН КЕЛДІ. АТАЛМЫШ ТЕАТР СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН ТҰРҒЫНДАРДЫ РУХАНИ ҚОЛДАП, ДЕМЕУ МАҚСАТЫНДА БІЗДІҢ АУДАНҒА ДА АТ БАСЫН БҰРЫП, ТЕГІН ҚОЙЫЛЫМ ҚОЙҒАН БОЛАТЫН.



Астана қаласы әкімдігінің музыкалық жас көрермен театры аудандық мәдениет үйінде аудан орталығындағы уақытша орналастыру орындарында

тұрып жатқан тұрғындарға, аудан халқына «Шәмші» мюзиклін ұсынды. Қойылым барысында әйгілі қазақ композиторының өмірі

мен шығармашылығы, күрескерлік, ғашықтық және композиторлық қырларын көрсетті. Сонымен қатар қойылымда орындалған Шәмші әндері

өмірінен орын алған әр алуан оқиға бейнеленді, әнге айналған тұлғаның әсерлі әлемі көрерменнің көңілін баурап, бір серпілді.

Аудан әкімі Асқар Қазыбаев су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарды қолдау мақсатында өңірімізге арнайы келген Астана қаласы әкімдігінің музыкалық жас көрермен театры ұжымына ризашылығын білдіріп, театр басшысы Асхат Маамировка шапан жауып, Алғыс хаты мен қаржылай сертификат, естелік сыйлығын табыс етті. Сондай-ақ, ұжыммен бірге келген облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Алтынай Юнisoва театр ұжымына алғысын білдірді. Шара соңында «Гау-хартас» қойылымынан үзінді көрсетіп, быыл Ақтөбенің 155 жылдығына орай «Ақтөбе» әнін тарту етті.

Құдай-ау, алдында қандай қырсық күтіп тұрғанын кім болжап білген?! Кейде аяқ астынан бес батпан салмағы еңсеңді езіп, біреу төбеңнен күрзімен соққаннан бетер есеңгіретіп тастайтын оқыс хабар болатынын қайтерсің, Дәл сондай жаманат бүкіл елмен бірдей Тайсойған-Бүйрек өңіріне де, 1941 жылғы маусымның 22-сінде жетті. Соғыс... соғыс... Естігенде жұрт есеңгіреп қалды. Осы бір жаныңды қаритын ызғарлы сөз тұла бойды мұздай су құйғандай тітіркендіріп жіберді. Ел тез ес жиды. Барша кеудеде жауға деген өшпенділік оты тұтанды. Қайтсін, Отан қорғау ежелден еркек кіндіктерінің еншілеріне тиген ғой. Азаматтар лек-легімен майданға аттанды. Шүкір Еркінов те ел қорғаушылар сапына тұруға бел байлады.

Бірақ, оның ойлағаны жақпеліде орындала қойған жоқ. Жасы өлі он жетіге де жетпеген, Орта мектепті бітіруіне бір жыл қалған кез. Енді ол сол бір жыл өтуін күтті, Ақыры қайсар ескен қыр ұлы ел басына күн туғанда бұғып жатуды ар көріп, Қобда аудандық әскери комиссариатына қайта-қайта барғыштап жүріп, дегеніне жетті, 1942 жылы көктемде Ойыл орта мектебіндегі оқуын бітірген ол осыдан кейін көп ұзамай-ақ, тамыздың 10-ы күні әскер қатарына алынды. Қолға қару ұстап, Отан абыройы үшін құзғын фашистермен айқасар шақ оған да келді.

-Басқыншыларды басындырмаймыз. Оларды жер жастандыру - сертіміз. Өлі-ақ елге жеңіспен оралатын боламыз. Аттанды Шүкір жанға қуат құйып, жігер беретін осы берік уәдені шығарып салушыларға шегелеп тұрып айтты. Бейне жалынды уран, ілгері жетелер шақыру десе де болғандай. Тілектес қауым оны Шүкір Еркіновтің қиын сапарға шығарда өзінің кіндігі кесілген жер - Калинин атындағы колхоздың Дәулетиман ауылына (қазіргі Қызылқоға ауданындағы Ойыл ауылдық округіне қарасты елді мекен), анасы Рахимаға, әкесі Еркінге, інілері Іскендір, Орынбасарға, қарындасы Бұлжанға, дос-жарандарына, бүкіл жерлерестеріне берген серті деп ұқты. Ол ілкіде Бузулукте әскери даярлықтан өтті. Содан кейін... содан кейін жан-жағын ысқырған оқ пен жалаңдаған от көмкерген тауыстырмас майдан жолдары басталды. Шүкір ең әуелі ұрыстың нағыз қызған жері - Сталинград шайқасына түсті. Даланың дарқандығын, өрлігі мен өжеттігін бойына сіңіріп ескен жігіт батылдығымен, тапқырлығымен бірден командирлердің назарына ілікті. Олар:

-Түбі жауынгер Шүкір Еркіновтен сенімді барлаушы шығады, - десті. Айтқандай-ақ, ол жауынгерлік тапсырмаларды бұлжытпай орындайтын, әсіресе, жау жақтан "тіл" әкелуге өте шебер, елті жігіт болып шықты. Сөйтіп, Шүкір бастапқыда 1943 жылғы шілде айынан бастап, содан соң 1944 жылғы сәуір айынан кейін 1-ші, 2-ші, 3-ші Белорус майдандарының сапында болған 222-ші Смоленск атқыштар дивизиясының 43-ші жеке өздігінен жүретін артиллериялық танкіге қарсы жойғыш дивизионында барлаушы болып, Берлинге дейінгі ұзақ жолды жүріп өтті.

Соғыс кезінде барлаушы міндеті аса жауапты да ауыр еді. Шын мәнінде бөлімшенің, дивизионның тағдыры, сәтті, сәтсіз шабуылдары соның жеткізген мәліметіне тікелей байланысты болып жататын. Демек, барлаушының қателесуге, өз ісіне жүрдім-бардым қарауына тіпті де хақысы жоқ еді. Сондықтан Шүкір барлаушы шыққанда неміс әскерлерінің қозғалыс бағыты, орналасу тәртібі, құрамы, қару-жарағы

жөнінде дәл мәлімет алу үшін қырағылығын, шеберлігін, ептілігін, бойдағы күші мен ынтық ортаға салып бақты. Дивизион жауынгерлерінің жаудың кезекті қарсы шабуылына тойтарыс беріп келіп, өздерінің үсті-бастарын қалпына келтіріп, қаруларын тазалап жатқан тұсы еді. Бір мезгілде оларға дивизион командирі майор Чернокозов келе қалды, Ол жауынгерлерді бүгінгі кескілескен айқастағы жеңістерімен құттықтады, жағдайларын сұрады. Аралап келе жатып, орта бойлы, аққұба өнді, жазық маңдайлы, әдемі-ше қазақ жігітіне жанарын қардап, сәл кідірді.

- Хал-күйіміз жақсы, жолдас майор! - деп күлім қақты Шүкір, - Тапсырма ойдағыдай орындалды. Әскери тәртіппен тік тартыла қалған жауынгерге командир жылы шырай танытып: - Еркін тұр! Сірә, артиллеристердің құмылына жау әскер қатарындағы туыстарыңыз да риза болған болар. Көк түтінге оранып жатқан жау танкілерінің түрі анау. Жарайсындар, жауынгерлер! - деді. Шүкір мақтанышпен ұрыс болған алқапқа көзін аударды. Чернокозов ақжарқын жігітке сүйсіне қараған жүзін енді өзгелерге бұрып бір мезет үнсіз тұрды да: - Бұлардың тамаша! Бірақ алда фашистермен бұдан да бетер беттесу күтіп тұр. Іргеміздері селоны жаудан босатып, Проня өзенінен шабуылмен өтіп, оларды батысқа қарай тықсыра түсуіміз керек, - деп екі қолын сермей сөйледі. Оның қабағында манағы жадыраңқылықтан жұқана да қалмаған секілді, қатулана түскен.

- Біз ерқашан да өзіміз, жолдас майор! - деп батылданып алған Шүкір барлық жауынгерлер атынан тағы жауап қатты, Командир қолын бас киімінің кеңересіне апарып, әскери ізет көрсетті де ілгері жүріп кетті. Дивизион жауынгерлері қайтадан негізгі және қосалқы ату позицияларын жабдықтауға кірісті. Кейбіреулері үйлеріне, сүйген жарларына хат жазуға отырды. Төңіректі қараңғылық түгел тұмшалаған кезде күзетшілерден басқалары тәтті ұйқы құшағына енді. Шүкір шалғайдағы Тайсойған, Бүйрек аймақтарын, еркелей ағатын сұлу өзен Ойыл бойын қиялдана аралап, рахатқа батты. Анасы Рахиманы, інілері Іскендір мен Орынбасарды, жұмысшылар батальонында жүрген әкесі Еркінді сағына еске алды. Хат жазды. Енді бір кезекте соғыстың бастапқы тұсында Сисеннің Құсжанынан елге келген хат ойына түсті.

"Сұлу бар қынап белін бұған қатты, Бал тамған тілдерінен сондай тәтті. Зат болса базардағы сататұғын, Дейтұғын маған сатшы, маған луге өте шебер, елті жігіт болып шықты. Сөйтіп, Шүкір бастапқыда 1943 жылғы шілде айынан бастап, содан соң 1944 жылғы сәуір айынан кейін 1-ші, 2-ші, 3-ші Белорус майдандарының сапында болған 222-ші Смоленск атқыштар дивизиясының 43-ші жеке өздігінен жүретін артиллериялық танкіге қарсы жойғыш дивизионында барлаушы болып, Берлинге дейінгі ұзақ жолды жүріп өтті.

Соғыс кезінде барлаушы міндеті аса жауапты да ауыр еді. Шын мәнінде бөлімшенің, дивизионның тағдыры, сәтті, сәтсіз шабуылдары соның жеткізген мәліметіне тікелей байланысты болып жататын. Демек, барлаушының қателесуге, өз ісіне жүрдім-бардым қарауына тіпті де хақысы жоқ еді. Сондықтан Шүкір барлаушы шыққанда неміс әскерлерінің қозғалыс бағыты, орналасу тәртібі, құрамы, қару-жарағы

ЕР ШҮКІР

«ДАҢҚ» ОРДЕНДЕРІНІҢ ТОЛЫҚ ИЕГЕРІ ШҮКІР ЕРКІНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА-100 ЖЫЛ

не тура келді. Әуелі "Катюша" сайрады. Содан кейін артиллеристер мен минометшілердің құлақ тұндырарлық "төпеуінен" соң іле-шала жаяу әскер алға ұмтылды. Әрине, дивизион барлаушылары да қамсыз қалған жоқ. Шүкір алғашқылардың бірі болып немістер бекінген орынға жетті. Оқты қарша боратып келіп, бекініс орға аяғы тигені сол еді, оның қырағы көзі тығылып жатқан үш немісті шалып қалды. Шүкір мылтығын кезеңі:

- Хенде хок! Қолдарыңды көтеріп, беріліңдер, - деп өмір етті. Алайда, оған әлгілер бағынудан бас тартып, өзіне тарпа бас салды, Шүкірдің бір өзі үш бірдей фашиспен шайқасқа шықты, Барлық әдіс-айланы, шалшаңдықты салар шақ бұл. Бәрі қас-қағым сәт. Аянып қалсаң жеңілдім дей бер. Саралжын, Сулы-көл, Қамысқал мектептерінде оқыған бала кезінде-ақ құмның үстінде өз қатарларымен талмастан белдесіп, талайдың жауырынын жерге тигізгені бар еді. Осындайда оның да пайдасы еді. Тең емес айқаста әуелі екі немісті мылтығының найзасымен тұйреп өлтірді. Үшіншісі тірідей тұтқына түсіру керек болды. Мүмкін құнды мәлімет берер. Қашан да барлаушының көкейінен кетпейтін нәрсе - ол бөлімшесіне тірідей "тіл" апару. Шүкір онымен шаппа-шап ұстаса кетті. "Айдалы батыр алдырмас" деген емес пе, оңтайы келгенде қазақша шот шалып еді, мықтымысыған қарсыласы тыраң етіп омақаса құлады. Одан әрі тырп етуге шамасы қайда, қазақ жауынгерінің алдында құрдай жорғалады. Осы жолғы өрлігі үшін Шүкір Таңатарұлы Еркінов үшінші дәрежелі "Даңқ" орденімен марапатталды. Бұл 1944 жылғы шілденің 5-і күнгі қуаныш еді.

Барлаушы сан қилы ұрыс жолдарын жүріп өтіп, кеңес әскерлері қатарында батысқа қарай нық адымдады. Жеңіске жеңіс ұласты. Бөгде әйтеуір, жеріміз тазартылды-ау. Енді алда неміс фашистері басып алған жерлерді қырып тастауға жеткені аса жауапты тапсырма жүктелді. Гитлершілдер поляк жерін уыстан шығармау үшін қатты қарсыласты. Неше түрлі күтұрқы айдалар, әрекеттер қолданды. Кеңес жауынгерлерінің үстінен ұшақпен "Біз Мәскеуді көрдік те кейін қайттық, сендер де Варшаваны көріп кейін қайтыңдар. Берлин туралы ойламаңдар" деген жапырақ-жапырақ үндеу қағазды қарша борататын. Бірақ Шүкір және оның майдандастары мұндай көлгірсуді кекесінмен қарсы алды.

1941-1945 жылдары бес рет жеңіс салюті берілген үш күн болды. Соның бірі - 1945 жылғы қаңтардың 19-ы. Бұл күні Ясло, Краков, Млава, Лодзь қалалары азат етілді. Шығыс Пруссияға кеңес әскерлері енді. Пилица өзенінен кешіп өткен сержант Шүкір Еркінов бастаған барлаушылар тобы осы күні Томашув қаласының маңында дивизионын алдында барлау жүргізіп келе жатып, жолды миналап жатқан неміс торуылы байқап қалады.



"Қырағының өзіде, көзіде батыр" деген сірә, осы болар. Екі жақтың арасында қызу ұрыс басталды. Аз уақыттың ішінде құрамында бес сапері бар неміс торуылы құртылды. Бірақ шаруа мұнымен біткен жоқ еді. Жол миналаулы болатын. Мұндайда ойланбас жатуға уақыт қайда?! Шүкір өзінің қарамағындағы шағын топпен жолды минадан тазартуға кіріседі. Аса ептілікті қажет ететін қауіпті, әрі таным емес істі әуелі Шүкірдің өзі бастайды. Оның үлгісімен басқа барлаушылар да батыл да шапшаң қимылға көшеді. Ақыры жол ажал торынан толық тазартылып, дивизионның ілгері алаңсыз жүруіне мүмкіндік жасайды.

Сөйтіп, Шүкір бастаған топ сол күні Жеңіс салютінің тағы бір рет көкте жарқырауына үлкен үлес қосты. Бұл жолғы Шүкір Еркіновтің өрлігі мен батылдығы ІІ дәрежелі "Даңқ" орденін алуға толық лайықты деп бағаланды. Даңқты барлаушы өзінің соңғы өрлігін барша ақ ниетті адамзатқа қуанын сыйлаған Ұлы Жеңіс сағатының соғуына санаулы күн қалғанда сәуірдің 18-інде жасады. Бұл күні Кушков деревнясы әдеттегіден тыс тыныштықта еді Шүкір деревнядағы жау орналасқан жерге сездірмей еніп, үй-үйдің тасасымен бұқпақтап немістердің топтасқан жатағына жетеді. Іштен қарқылдаған күлкілер естіледі.

Сірә, бірдеңені тойлап жатқанға ұқсайды. Терезе керші мөлшектерді жаудан азат ету міндеті тұрды. Сапында Шүкір Еркінов бар 1-ші Белорус майданына 1944 жылғы қарашаның 16-сында Жоғарғы Бас Қолбасшының бірінші орынбасары, Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуков командшы болып тағайындалды. Бұл майдан армиясына Польшаны басқыншылардан тазарта отырып, Берлинді алу жөнінде аса жауапты тапсырма жүктелді. Гитлершілдер поляк жерін уыстан шығармау үшін қатты қарсыласты. Неше түрлі күтұрқы айдалар, әрекеттер қолданды. Кеңес жауынгерлерінің үстінен ұшақпен "Біз Мәскеуді көрдік те кейін қайттық, сендер де Варшаваны көріп кейін қайтыңдар. Берлин туралы ойламаңдар" деген жапырақ-жапырақ үндеу қағазды қарша борататын. Бірақ Шүкір және оның майдандастары мұндай көлгірсуді кекесінмен қарсы алды.

1941-1945 жылдары бес рет жеңіс салюті берілген үш күн болды. Соның бірі - 1945 жылғы қаңтардың 19-ы. Бұл күні Ясло, Краков, Млава, Лодзь қалалары азат етілді. Шығыс Пруссияға кеңес әскерлері енді. Пилица өзенінен кешіп өткен сержант Шүкір Еркінов бастаған барлаушылар тобы осы күні Томашув қаласының маңында дивизионын алдында барлау жүргізіп келе жатып, жолды миналап жатқан неміс торуылы байқап қалады.

өртүрлі газеттер беттерінде ол туралы 28 рет мақала шыққан. Сол мақалалардың бірінің тақырыбы "Қазақ халқының ержүрек ұлы" деп аталған. Әрине, жерлес ұлына мұндай баға беру, әсіресе, Атырау елі үшін зор мақтаныш, үлкен мәртебе.

Жеңіс тойын көзімен көрген Шүкірде келешек өмір жолына белгілеген жоспар мен арман-мүдде асқақ еді. Ол соғыстан кейін екі жылдай Архангельск қаласы маңында әскери қызметін жалғастырды. Туған жерге 1947 жылы оралды. Гвардия старшинасы Ш.Еркінов жерлері орта-сына келгенде өңіріне "Даңқ" ордендерінің қола, күміс және алтыннан құйылған үш дәрежесімен қатар "Баршаваны азат еткені үшін", "Кенигсбергті азат еткені үшін", "Берлинді азат еткені үшін", "1941-1945 жылдарда Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін", "Ерлігі үшін" және тағы басқа медальдар, "Үздік барлаушы", "Үздік артиллерист", "Гвардияшы" белгілерін тағып келді. Сонымен бірге ол Жоғарғы Бас Қолбасшының бұйрықтарымен сегіз дүркін алғыс алған жауынгер. Бұл алғыстар оның Днепр, Неман, Проня өзендерінен өтудегі, Могилев, Неклов, Быков, Берлин қалаларын, Бранденбург қақпасын жаудан тартып алуға ерен ерліктерін әйгілейді.

Шүкірдің туған інісі, ұзақ жылдар бойы Атырау облысының басқару органдарында жауапты қызметтерде жұмыс істеген Орынбасар Таңатарұлы Еркінов көзі тірісінде:

- Ағамыз соғыста тоғыз рет жаралы болған екен. Денесінде сау жері жоқ еді. Сонда да ауырдым деп мойығанын көрген емеспіз, - деп еске түсірген еді. Үлкен өмір мектебінен өткен Шүкірдің елге келгеннен кейінгі басты мақсаты оқып, білімін жетілдіру, белгілі мамандық иесі атану болады. Заң қызметкері болу қызықтырады. Осы ойын жүзеге асыру үшін ол облыс әкімшілігінің, атап айтқанда, облыстық партия комитетінің хатшысы А.Клоноз қол қойған жолдамасымен барлау, заңгерлік оқуға түседі. Өкінішке орай, талапты жастың таудай арманы орындалмайды. Соғыс салған жарақат асқынып, оған күлденең сырқат қосылып, оқуын одан әрі жалғастыруға бөгет жасайды. Шүкір дәрігерлердің кеңесімен Атырауына қайта оралады.

Елге қайтып келе жатып, жолшыбай Ақтөбе педагогика институтында оқып жатқан туысы Рахметжан Бақтияровқа соғады. Шүкір ру жағынан Шеркештің Жауғашты тайпасынан, оның ішінде Батырқожа бөлімінен. Рахметжан рудан қуғанда ағайыны. Әрі қатар ескен сырласы, мұңдасы. Сол жолғы Шүкірдің жай-күйі туралы Балықшы ауданындағы Теңдік ауылында тұрған зейнеткер ұстаз Рахметжан Бақтияров ақсақал бйлайша еске алған еді:

- Шүкір Ақтөбеге пойызбен келді. Бектенов Иманқожа деген ауыл адамы оқуын тастап, алып келе жатыр екен. Жүдеп-жадап, жағдайы кетіп қалған. Өңгімесінде "Днепрден өтер кезімізде таң қараңғысы болатын, қайығымызға жау снаряды келіп түсті. Толқын әуелете көтеріп лақтырып, қайта жібергенде аяғым қара жерге тиді. Үсті-басым мал-мандай су. Мойнымда асулы мылтығым бар еді, әбүйір болғанда түсіп қалмапты. Жағадағы оқ жаудырып тұрған немістерге қарсы мен де атып жатырмын... Енді бірде жеті күндей қоршауда қалдық. Азық-түлігіміз әбден таусылды. Ғажапты қара, ақ қайыңның қабығы шайнай берсе нәр болады екен ғой. Сол жолы байқадым... Мұз үстінде тәуліктөп жатқан күн-

деріміз де болды-ау. Қол созым жердегі нанды алып жей алмайсың. Қозғалсаң болды, неміс мергендері қағып тастайды. Денеміздің қызуынан мұз шәуістеніп, ойылып кететін еді" деп отырғаны әлі есімде. Майданда өзі өңгімелегендей қиындықтың қаншама түрін көрмеді дейсің, Шүкең. Ондай адамда қайдан денсаулық қалсын. Ақыры, соғыс зардабы түбіне жетті ғой".

Иә, Рахметжан Бақтияров ақсақал айтқандай, ауру меңдеткен Шүкір Атырауға келген соң 1949 жылғы қаңтардан тамызға дейін облыстық қаржы бөлімінің салық жинау бөлімінде аға тексеруші болып аз уақыт қана қызмет істеді. Сол жылғы қыркүйектің 22-сінде есіл ер қылшылдаған 25 жас-ында өмірмен қоштасты.

Ер өлгенмен оның аты өлмек емес, Ол ғасырлар бойы өлімен, жерімен бірге. Кейінгі ұрпақтар оның ерлігін бойтұмар етіп ардақтайды. Шүкір Еркінов есімін қазір бүкіл ел мақтан тұтып, жоғары көтеріп отыр. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1977 жылғы маусымның 8-індегі қаулысы бойынша оның туған жері - Қызылқоға ауданының Ойыл ауылдық округіндегі өзі оқыған Орлыкөл орта мектебі Шүкір Еркінов атындағы орта мектеп болып аталды. Атырау қаласындағы, Жасқайрат және Миялы ауыл-селоларындағы көшелерге оның есімі берілді. Облыс орталығындағы мұнайшылардың мәдениет үйінің алдында, Жайық өзенінің жағасында орналасқан демалыс паркіндегі мәңгілік алау жанында орнатылған гранит тақтаға оның атағы кашалып жазылды. 1941-1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 40 жылдығы қарсаңында бірнеше ұжым Ш.Еркіновті өз қатарларына құрметті мүше етіп қабылдады.

"Даңқ" ордендерінің толық иегерлері туралы жазылған "Жауынгер қаһармандығы" атты кітапта даңқты жерлесіміз туралы әдейі очерк берілген. Осы жолдардың авторының құрастыруымен арнайы "Шүкір батыр" атты кітап шықты. Бұдан басқа күнделікті баспасөз беттерінде оның ерлігін өрнектеген очерктер мен мақалалар жетерлік. Облыстық тарихи-өлкетану мұражайында ержүрек барлаушының кеуде мүсіні мен құжаттарына әдейі орын бөлінген. Сондай-ақ, қаһарман ұлының туған жеріндегі өз атымен аталатын мектепте майдандағы батылдығы мен батырлығын, өмір жолдарын баяндайтын жәдігерлер топтасқан мұражай ашылды. Миялы селосында, «Жасқайрат» ауылындағы өзі атындағы мектеп алдында ескерткіштері орнатылды.

Егер Шүкір Таңатарұлы Еркінов бүгінде тірі болса биыл 100 жасқа толып, мерейтойының төрінде отырған болар еді. Өткен, тағдыр оған бұл күнді көруді жазбапты. Алайда "Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар" дегендей, жерлерестері оны ешқашан естен шығарған емес.

Қызылқоға аудандық әкімшілігі батыр барлаушының мерейтойын атап өтуге арнайы қаулы қабылдап, комиссия құрды. Ауданда жыл сайын Шүкір Еркінов атындағы жұлде үшін спорттық жарыстар өткізіледі. Әрине, мұның бәрі елі үшін, жері үшін от кешкен, кеудесін оққа тосқан жерлесіміздің өшпес ерлік рухына көрсетілген лайықты құрмет белгісі. Ерліктің қай кезде де ұмытылмайтынының жарқын көрінісі. Ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, жүректерде мәңгі жатталып қала бермек. Бұл - өмір заңы.

Төлеген ЖАҢАБАЙҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Құрметті профессоры

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ | НӘЗІК ЖАНДЫЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ӘЛІМЖЕТТІК АЗАЙМАЙ ТҮР

Кіріспе
«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы (бұдан әрі – Конкурс) адамгершілік құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) жағымды үлгісін дәріптеуге, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған. Конкурс 15 мамырдан кешіктірмей жарияланады. Конкурс өткізу туралы ақпараттық хабарлама БАҚ-та, сондай-ақ МАМ-ның, ЖАО-лардың және басқа да әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарда жарияланады. Конкурс Қазақстан Республикасының Президентінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 181 қаулысымен бекітілген «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын өткізу қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес өткізіледі (Қағидаларға ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 306 және 2022 жылғы 16 қарашадағы № 904 қаулысымен өзгерістер енгізілді).

КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

- 1) Отбасы институтын, адамгершілікті, руханиятты нығайту, жауапты ерлі-зайыптылықтың маңызын тану;
- 2) Ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру;
- 3) Отбасылық құндылықтарды, көмелетке толған балаларының еңбекке қабілетсіз және егде жастағы ата-аналарына қамқорлығын дәріптеу және кеңінен насихаттау;
- 4) Қазақстандық отбасының жағымды имиджін насихаттау.

КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӨРТІБІ:

- 1.2024 жылғы 10 мамырға дейінгі мерзімде «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын дайындау және өткізу бойынша жұмысты үйлестіру жөніндегі ұйымдастыру комитетінің (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) құрамын бекіту.
- 2.2024 жылғы 10 мамырға дейінгі мерзімде «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын ұйымдастыру мен өткізуді ақпараттық сүйемелдеудің Меди-а-жоспарын бекіту, сондай-ақ Конкурсның барлық кезеңдерін дайындау мен өткізуді үйлестіру.
- 3.2024 жылғы 15 мамырдан

ін Ұйымдастыру комитетінің бірінші отырысын өткізу. 4.2024 жылғы 15 мамырда Халықаралық Отбасы күні қарсаңында (International Day of Families) #Отbasym2024 хэштегімен «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын өткізудің басталуы туралы «Хабар», «Хабар24», «Қазақстан» республикалық телеарналарында, «Таңшолпан» ақпараттық-музыкалық бағдарламасында, МАМ-ның ресми сайтында, әлеуметтік желілерде жарияланады. 5.Конкурстың екі кезеңін өткізу. Бірінші кезең – аудандық (қалалық), екінші – облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана). 6.МAM жеңімпаз отбасылар туралы бағдарламалар циклін (бейнероликтер) дайындайды, «Хабар», «Хабар24», «Қазақстан» телеарналарында, «Таңшолпан» ақпараттық-музыкалық бағдарламасында, МАМ ресми сайтында, әлеуметтік желілерде жариялайды. 7.2024 жылғы 8 қыркүйекке дейін Отбасы күні қарсаңында конкурс лауреаттарын салтанатты марапаттау рәсімін өткізу (диплом мен ерекшелік белгісін (мүсіншені) табысты отырып).

БІРІНШІ КЕЗЕҢ – АУДАНДЫҚ (ҚАЛАЛЫҚ) ДЕНГЕЙДЕ:

- 1.2024 жылғы 10 мамырға дейінгі мерзімде мүдделі мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар, қоғам қайраткерлері мен өткен жылдардағы аудандық (қалалық) турлар конкурсының лауреаттары қатарынан конкурс жеңімпаздарын айқындау жөніндегі комиссияны (бұдан әрі – Комиссия) құру және бекіту.
- 2.Комиссия туралы ереже тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің өкімімен бекітіледі.
- 3.2024 жылғы 10 мамырға дейінгі мерзімде «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын ұйымдастыру мен өткізуді ақпараттық сүйемелдеудің Меди-а-жоспарын әзірлеу және бекіту, сондай-ақ Конкурсның барлық кезеңдерін дайындау мен өткізуді үйлестіру.
- 4.2024 жылғы 10 мамырдан

бастап «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын жариялау бойынша «Қазақстан» РТРК-де және өңірлік телеарналарда, облыс, аудан (қала) әкімдігі аппаратының ресми сайттарында және интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілерде («Мерейлі отбасы - 2024» арнайы айдарын ашу) ақпараттық-имидждік компания өткізу. 5.2024 жылғы 15 мамырда «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына қатысуға өтінімдерді қабылдау туралы өңірлік телеарналарда, облыс, аудан (қала) әкімдігі аппаратының ресми сайттарында және интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілерде хабарландыру. 6.2024 жылғы 15 мамырдан бастап 2024 жылғы 15 маусымға дейін Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді аудандық (қалалық) комиссияға қағаз немесе электрондық нұсқада қабылдауды жүргізу. Қабылдаудың соңғы күні – 2024 жылғы 14 маусым.

7.2024 жылғы 1 шілдеге дейін (қатысу үшін құжаттарды қабылдау аяқталған сәттен бастап он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде) аудандық (қалалық) комиссия алынған ақпаратты жан-жақты тексеруді жүзеге асырып іріктеу жүргізеді және екі отбасын айқындайды.

8.Екі жұмыс күні ішінде өз шешімдерін конкурстық құжаттармен бірге облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, Астана) комиссияларға жолдайды.

9.«Қазақстан» РТРК» АҚ-та және өңірлік телеарналарда, облыс, аудан (қала) әкімдігі аппаратының ресми сайттарында және интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілерде, «Айқын», «kazinform.kz»-те жеңімпаз отбасылар туралы бағдарламалар циклін дайындау, ақпараттық ілгерілету.

ЕКІНШІ КЕЗЕҢ – ОБЛЫСТЫҚ (РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛА, АСТАНА):

1.2024 жылғы 10 мамырға дейінгі мерзімде мүдделі мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар, қоғам қайраткерлері мен

өткен жылдардағы облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) турлар конкурсының лауреаттары қатарынан облыстық (республикалық маңызы бар қаланың) конкурс жеңімпаздарын айқындау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрамын құру және бекіту. 2.Комиссияның ережесін, іріктеу өлшемшарттарын және конкурсты өткізу форматын бекіту.

3.2024 жылғы 10 мамырдан кешіктірмей «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын дайындау және өткізу жөніндегі облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) комиссиялардың отырысын ұйымдастыру. 4.2024 жылғы 10 мамырға дейінгі мерзімде «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын ұйымдастыру мен өткізуді ақпараттық сүйемелдеудің Меди-а-жоспарын әзірлеу және бекіту, сондай-ақ Конкурсның барлық кезеңдерін дайындау мен өткізуді үйлестіру.

5.2024 жылғы 17 шілдеге дейін Комиссиялар аудандық (қалалық) комиссиялардан құжаттарды алған сәттен бастап он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде (қажет болған жағдайда) ұсынылған құжаттарды қосымша тексеруді жүзеге асырады, іріктеу жүргізеді және жеңімпаз бір отбасын айқындайды.

6.Комиссияның отырысын интернет-ресурста және жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік желілеріндегі ресми аккаунттарда онлайн-трансляциялар режимінде өткізу.

7.Отырыстан кейін екі жұмыс күні ішінде комиссия өз шешімдерін конкурстық құжаттармен бірге ұйымдастыру комитетіне жолдайды.

8.«Қазақстан» РТРК» АҚ-та және өңірлік телеарналарда, облыс, аудан (қала) әкімдігі аппаратының ресми сайттарында және интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілерде, «Айқын», «kazinform.kz», облыстық газеттерде жеңімпаз отбасылар туралы бағдарламалар циклін дайындау, ақпараттық ілгерілету.

Өйелдердің қызмет етіп, үлкен қызметтерге араласып қызметтік міндеттерін атқаруын өкінішке орай құптамайтын ер азаматтар да кездесіп жатады. Осыған дәлел 2023 жылдың 1 тоқсанында аудандық сотта Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73 бабы бойынша, яғни отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер туралы 15 әкімшілік іс қаралса, 2024 жылдың 1 тоқсанында 22 іс қаралған. Нақты айтқанда, отбасы жанжалының себептері бір-біріне ұқсас, мысалы: ер азаматы осы отбасының отанасы жұмыстан кешігіп келуіне байланысты отбасылық келіспеушілік туындап, отанасына ауыр сөздер айтылып, немесе алкоголь ішімдігін ішіп, жұбайына еш себепсіз тиісіп ар-намысына тиетін сөздер айтып қол жұмсаған, нәтижесінде аудандық полиция бөлімімен әкімшілік іс құжаттар сот қарауына жолданып, аудандық соттың қаулысымен тиісті жаза қолданылды. Бұл орын алған жағдай нәзік жандыларға деген әлімжеттік екені анық. Демократиялық дамыған елде ер адамдармен өйел адамдардың құқығы да мүмкіндігі де тең. Қазақстан Республикасының ата заңы Конституцияда адамдарды төмендетпей, жыныстық кемсітушілікке қарсы екендігі көрсетілген. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы

туралы кодексі неке қатынастарын реттеп қана қоймай, нәзік жандылардың отбасындағы орнын, жөбір көрмеуін айқындап берген. Аталған құжаттардың бәрі ерлі зайыптылардың отбасындағы теңдігіне, балалардың отбасылық тәрбиесінің басымдығына негізделген. Ер адамдар мен нәзік жандылардың теңдігі қоғамдағы тұтастықтың, рухани әлеуметтік теңгерімнің кепілі. Нәзік жандылардың да мемлекеттік қызметті абыроймен атқарып жүргендер де аз емес. Нәзік жандылардың барлық салада еркін еңбек етіп, өз мамандығының білгірі атануы, өліміздегі гендерлік саясаттың тигізіп отырған ықпалы десек артық айтпағандық болар едік. Көріп отырғанымыздай, гендерлік саясат әр елде әрқилы жүзеге асады. Гендерлік саясатты қолдау дегеніміз нәзік жандылардың көңілдері түспей, отбасының шырағы болып, келер болашағымыздың келешегі айқын боларына жасалып жатқан игі қадам екені сөзсіз. Өйел адам - Ана, «Ана бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді». Сондықтан нәзік жандыларға деген өз сыйластығымызды жалғастыра берсек, бұл отбасының татулығы болар еді. Отбасының татулығы - бұл қоғамдағы татулығы болары баршамызға мәлім.

С.ШАЙМАҚОВА,
Ойыл аудандық сотының бас маманы.

ЖАННА ҚОСЖАНҚЫЗЫ МУХАМЕДЬЯРОВА

2024 жылы 1 мамыр күні 57 жасқа қараған шағында Ж.Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің кітапхана меңгерушісі Жанна Қосжанқызы Мухамедьярова дүниеден озды. Жанна Қосжанқызы 1967 жылы 30 желтоқсанда Ақтөбе облысы, Ойыл селосында дүниеге келген. Ж.Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінде (бұрынғы Н.К. Крупская атындағы мектеп) білім алып, осы мектепті бітірген соң Алматы шетел тілдері институтына оқуға түсті. 1988 жылы өзі білім алған мектебіне лаборант болып жұмысқа тұрды, одан кейін аға пионер вожатыйы бола жүріп, өзінің жұмысқа алғырлығын, жақсы ұйымдастырушылық қабілетін көрсете білді. Мектепте өз мамандығы бойынша неміс тілі пәнінен сабақ берді. 2009 жылдан бастап өмірінің соңына дейін кітапхана меңгерушісі қызметін атқарды.

Жанна Қосжанқызы жас ұрпақты тәрбиелеуде талмай еңбек етіп, үздіксіз, жүйелі шығармашылықпен жұмыс жасады. Бірнеше рет аудандық, облыстық семинарларда өз іс-тәжірибесін ортаға салып, жетістіктері үшін марапаттауларға ие болды. Ол өз ісіне жауапкершілікпен қарады, теориялық білімі, әдістемелік шеберлігі жеткілікті, оқушылар, ата-аналар арасында беделді бірінші санатты кітапханашы еді. Түрлі мектепшілік, аудандық байқауларда көрме ұйымдастырып, оқушылардың көркем әдебиетке қызығушылығын оята білді. Әріптестері Жанна Қосжанқызын еңбекқорлығымен қатар, ақжарқын әріптес ретінде танытын. Жанна Қосжанқызының отбасына, ағайын-туыс, бауырларына қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз. Жаннаның жарқын бейнесі әріптестерінің жүрегінде мәңгі сақталары анық.

Ойыл аудандық білім бөлімі, Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы, Ж.Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Сарбие дәрігерлік амбулаториясының дәрігері Зұлқарнаева Алмагүл Талапқалиқызына енесі

Саханова Жұмабикенің және хирургия бөлімінің кіші қызметкері Бақтыгереева Райханға аяулы анасы

Берғалиева Алтынайдың қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ж.Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің кітапхана меңгерушісі

Жанна Қосжанқызының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, ағайын-туыс, бауырларына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

Ж.Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің хатшы қызметкері Ерманова Гүлназға қайын енесі

Алтынайдың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

БАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ҮШІН «БІР» ЭЦҚ



Процестерді оңтайландыру және ЭЦҚ кілттерін алу, сақтау және пайдалану процедураны жеңілдету үшін Ұлттық куәландырушы орталық екі ЭЦҚ кілтін беру мен пайдаланудың қазіргі процесінен бір ғана кілтті пайдалануға көшті, яғни, жеке және заңды тұлғаларға МемСТ алгоритмі негізінде бір кілт берілетін болады, ол авторизациялау үшін де қол қою үшін де қолданылатын болады. «Мемлекеттік қызметті алу»-дың бір жолы – электрондық

цифрлық қолтаңба кілттері. Жаңа цифрлық технологияларды енгізуде қазіргі уақытта қауіпсіздікті қамтамасыз ету және криптографиялық стандарттардың соңғы нұсқаларын пайдалану қажет. Бұл стандарт алдыңғы стандартпен салыстырғанда ЭЦҚ кілтінің ұзақтығын екі есеге ұлғайтты», - деді басқарма төрағасының м.а. «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Дмитрий Мун. Негізгі өзгерістер мыналарды қамтиды:

- Бір тіркеу куәлігі: авторизация мен қол қою үшін екі тіркеу куәлігінің орнына енді біреу ғана беріледі, бұл цифрлық кілттерді басқару процесін жеңілдетеді.
- Ескі электрондық цифрлық қолтаңбаның жарамдылық мерзімі: ГОСТ 2015 алгоритміне көшкенге дейін бұрын шығарылған барлық ЭЦҚ олардың жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін қолдау көрсетілетін болады.
- Жаңарту оңай: мобильді қосымшада жаңа ГОСТ 2015

стандартын пайдалану үшін eGov Mobile қосымшасын жаңарту жеткілікті. Сонымен бірге, заңды тұлғалардың пайдалануына арналған келесі талап етілмеген үлгілер де қолжетімді үлгілер тізімінен алынып тасталды:

- «Қаржылық құжаттарға қол қою құқығы бар қызметкер»;
- «Кадр бөлімінің қызметкері».

eGov Mobile қосымшасында жаңа ЭЦҚ қолдану тәртібі:

1. Қолданбаның жоғарғы сол жақ бұрышындағы «Кіру/Тіркеу» тармағын таңдаңыз.
2. Авторизациядан өту үшін «Менің цифрлық қолтаңбамды пайдалану» түймесін басыңыз.
3. «ГОСТ 2015 ЭЦҚ арқылы кіру» опциясын іске қосыңыз.
4. Электрондық цифрлық қолтаңбаны көрсетіңіз және құпия сөзді енгізіңіз.
5. «Кіру» түймесін басу арқылы логиніңізді растаңыз және құпия кодын орнатыңыз.
6. Қауіпсіздікті арттыру үшін Face ID немесе Touch ID арқылы биометриялық сәйкестендіру опциясын пайдаланыңыз.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1409 дана. Тапсырыс 600 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

«ЕШКІМ ДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ, ЕШ НӘРСЕ ДЕ ҰМЫТ ҚАЛМАЙДЫ!»


ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ ЕРЛІККЕ ТОЛЫ ҚАҺАРЛЫ ЖЫЛДАРЫ БІРТЕ - БІРТЕ АЛЫСТАП БАРАДЫ. Бірақ адамзат дүние жүзін фашистік құлдықтан аман алып қалған халықтың ғажайып ерліктерін ешқашан ұмытпақ емес. Бүгінгі ұрпақ та, болашақ ұрпақ та – қазіргі бейбіт күнімізге, алаңсыз өмірімізге, тыныш ұйқымызға отанды қорғаған аталарымыз бен әжелеріміздің мәңгілік үлес қосқанын ұмытпауымыз керек! Аталарымыз ұрпаққа аманат етіп қалдырған ұлы жеңістің қадірін түсіне білейікі себебі, ЕШКІМ ДЕ, ЕШУАҚЫТТА ҰМЫТЫЛМАЙДЫ!

Ойыл қазақ орта мектебінің музей қорында сақталған Ойыл ауданында туған Ұлы Отан соғысына қатысқан ар-

дагер ата-әжелеріміздің өмірбаяндары өз қолдарымен жазылған кітапша қолымызға түскен болатын.

Оқырман назарына суреттерімен қоса өлеңдерін, келешек ұрпаққа жазған тілектерін ұсынамыз.

Аманжол



1941-1958 жылдары облыстық әртүрлі мекемелерде жұмыс істедім. 1958-1964 жылдары облыстық ұйымдастыру бөлімінде, 1964-1972 жылдары облыстық мәдениет бөлімінде жұмыс істедім. 1972-1984 жылдары облыстық мәдениет бөлімінде жұмыс істедім. 1984-1990 жылдары облыстық мәдениет бөлімінде жұмыс істедім.


Мен Аманжолға 1941 жылы 17 наурыз күні туғаным. Әкемнің аты Аманжол, әйелімнің аты Аманжол. Біздің отбасымыз облыстық мәдениет бөлімінде жұмыс істейтін. Менің әкемнің аты Аманжол, әйелімнің аты Аманжол. Біздің отбасымыз облыстық мәдениет бөлімінде жұмыс істейтін.

Аманжол

1941-1958 жылдары облыстық әртүрлі мекемелерде жұмыс істедім. 1958-1964 жылдары облыстық ұйымдастыру бөлімінде, 1964-1972 жылдары облыстық мәдениет бөлімінде жұмыс істедім. 1972-1984 жылдары облыстық мәдениет бөлімінде жұмыс істедім. 1984-1990 жылдары облыстық мәдениет бөлімінде жұмыс істедім.

Мен Аманжолға 1941 жылы 17 наурыз күні туғаным. Әкемнің аты Аманжол, әйелімнің аты Аманжол. Біздің отбасымыз облыстық мәдениет бөлімінде жұмыс істейтін. Менің әкемнің аты Аманжол, әйелімнің аты Аманжол. Біздің отбасымыз облыстық мәдениет бөлімінде жұмыс істейтін.

Аманжол



Мен Аманжолға 1941 жылы 17 наурыз күні туғаным. Әкемнің аты Аманжол, әйелімнің аты Аманжол. Біздің отбасымыз облыстық мәдениет бөлімінде жұмыс істейтін. Менің әкемнің аты Аманжол, әйелімнің аты Аманжол. Біздің отбасымыз облыстық мәдениет бөлімінде жұмыс істейтін.

Аманжол

Мен Аманжолға 1941 жылы 17 наурыз күні туғаным. Әкемнің аты Аманжол, әйелімнің аты Аманжол. Біздің отбасымыз облыстық мәдениет бөлімінде жұмыс істейтін. Менің әкемнің аты Аманжол, әйелімнің аты Аманжол. Біздің отбасымыз облыстық мәдениет бөлімінде жұмыс істейтін.

Аманжол

Мен Аманжолға 1941 жылы 17 наурыз күні туғаным. Әкемнің аты Аманжол, әйелімнің аты Аманжол. Біздің отбасымыз облыстық мәдениет бөлімінде жұмыс істейтін. Менің әкемнің аты Аманжол, әйелімнің аты Аманжол. Біздің отбасымыз облыстық мәдениет бөлімінде жұмыс істейтін.

Аманжол

Мен Аманжолға 1941 жылы 17 наурыз күні туғаным. Әкемнің аты Аманжол, әйелімнің аты Аманжол. Біздің отбасымыз облыстық мәдениет бөлімінде жұмыс істейтін. Менің әкемнің аты Аманжол, әйелімнің аты Аманжол. Біздің отбасымыз облыстық мәдениет бөлімінде жұмыс істейтін.

МЕЙІРБИКЕ БОЛУ МАҚТАНЫШ...

1971 жылы Дүниежүзілік Мединикалар Кеңесінің ұйғарымымен бастау алып, содан бері, «Мединикалар күні», - деп аталып келе жатқан осы күнді ресми мереке ретінде атап өту бүгінде дәстүрге айналды. Ұлы Отан соғысы жылдарында жаралы жауынгерлерге шұғыл медициналық көмек көрсетіп, оқ пен оттың ортасында жүріп қызметтік міндетін адал атқарып, Жеңіс күнінің жақындай түсуіне үлкен үлес қосқан мейірбикелер мен фельдшерлер қатары аз болған жоқ. Сондықтан қан майданда қан кешіп, қатыгез жауды жеңуге септігін тигізген мейірбикелер мен санитарлардың орны қашанда бір бөлек. Оның ішінде, күні кеше өңірімізде орын алған тасқын су салдарынан болған төтенше жағдай кезінде үздіксіз қызмет атқарып, уақытылы медициналық қызмет көрсете білді. Денсаулық сақтау саласында халық денсаулығын жақсарту жолындағы мейірбикелер еңбегі ұшан теңіз. Осы саланың барлық сатысында мейірбикелер еңбегі көрініп тұрады анық. Ұлт денсаулығын жақсарту бағытында атқарылып жатқан жемісті жұмыстар осының айғағы.



Халық денсаулығын жақсарту, медициналық қызмет сапасын арттыру, халықты қолжетімді медициналық қызметпен қамтамасыз ету, медициналық алғашқы жәрдемді жетілдіру, ана мен бала денсаулығын қорғау, аурудың алдын алу бағытындағы скринингтік тексерулер, тұрғындарды салауатты өмір салтына баулу, басқа да қаншама шаралардың жүзеге асырылуындағы мейірбикелердің қызметтік міндеттері олардың денсаулық сақтаудың барлық саласындағы орнын көрсететіндігінің тағы бір дәлелі. Сондықтан науқасты қабылдағаннан бастап, оны емдеу барысындағы барлық күйбең жүретін мейірбикелер еңбегі қоғам алдында қашанда бағалана бермек. Медициналық мекемелердегі барлық жұмыстардың 80%-дан астамы мейірбикелердің мойнында. Олар күн сайын, күніне 24 сағат пациенттерге қамқорлық жасайды – тамшылар қояды, таңғыштарды ауыстырады, қысымды өлшейді, температурасы мен жалпы жағдайын бақылайды, ауыр науқастарды емдейді. Олардың қамқор қолдары мен мейірімді жүрегі науқастарға операциядан кейінгі алғашқы қадамдарды жасауға, ауруларды емдеуге, өз күшіне сенуге көмектеседі. Пандемия кезеңіндегі сіздің әрбір науқастың өмірі үшін жанқиярлықпен күрескеніңіз, өз денсаулығыңызды аямай, туыстарыңыздан бөлек үлкен физикалық және моральдық ауыртпалықтарды иығыңызға көтергеніңіз үшін ерекше ризамыз. Өз кезегінде, мемлекет тарапынан да медицина саласы қызметкерлеріне біршама қолдау көрсетіліп келеді. Атап айтсақ, 2021, 2022 жылдан бастап ай сайынғы еңбек ақының 30%-ға көтерілуі, «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы аясында, біржолғы көтермеақы мен жеңілдетілген несие алып, үй сатып алуға мол мүмкіндік туғызып отырғандығы қуантады. Бүгінде, аудандық денсаулық сақтау саласында 146 орта буын медицина қызметкерлері еңбек етуде. Олардың ішінде, акушерлер, фельдшерлер,

дәріханашылар, дерихана мейірбикелері, мейіргерлер тұрғындарға сапалы медициналық қызмет атқаруда. Олардың 59-ы жоғары санатты, 9-ы - I санатты. Сонымен бірге, үнемі білімдерін жетілдіріп, тәжірибе алмасу мақсатында облыс, республика деңгейінде оқытуларға, семинарларға жіберіліп отырылады. Облыстық түрлі байқауларға қатыстырылады. Күні кеше 5 мамыр Халықаралық акушерлер күні атап өтілді. Кез-келген уақытта жеке шаруасын ысырып қойып, жәрдем етуге дайын тұратын ақ халаттылардың абыройлары асқақ бола берсін. Құрметті мейірбикелерлер, сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге шынайылық пен мейірімділік, шыдамдылық пен адалдық тілей отырып, өз қызметіңіздегі жауапкершілікті және жоғары кәсіби қабілеттеріңіз үшін алғыс білдіремін! Осы ауданның денсаулық саласына өз үлесін қосып жүрген әрбір мейірбикеге алғысым шексіз. Сіздерге деніңізге саулық, отбасыларыңызға бақыт пен береке, денсаулық, шыдамдылық және адал еңбектеріңіздің барлық қиындықтарынан жеңуге күш қуат тілеймін! Баға жетпес жұмысыңыз үшін сізге тағзым етемін!

Дархан САҒЫНҒАНҚЫЗЫ,
бас мейірбике.

ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖАЗАСЫ АУЫР ЖОЛ ЖЕРМЕУ ЖӘРІМІЗГЕ МІНДЕМ!



дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Жемқорлықты жоюдың тиімді тәсілдерінің бірі жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар көшені арқылы жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру – тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі. Сонымен қатар ақпараттық және ұйымдастырушылық қызмет бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, әлеуметтік маңызды іс-шараларды ұйымдастыру арқылы іске асырылады. Сондықтан жемқорлықпен күрес жолында аталған бағыттағы шараларды үздіксіз атқаруымыз қажет. Қазіргі таңда және болашақта сыбайлас жемқорлыққа мүлдем орын болмауы керек. Ол үшін баршамыз аталған мәселемен бірдей күресіп, жемқорлықтың ушықпауының алдын алып, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру арқылы жемқорлыққа қарсы тұруымыз қажет.

Ж.МАЙЖАНОВ,
Ойыл аудандық соты
өкімшісінің аға сот приставы.

АТА – ӘЖЕММЕН МАҚТАНАМЫН...

Бала кезімнен атам мен әжем маған не жақсы, не жаман бәрін айыра білуге үйретті. Мен үшін мына әлемде ата-әжемдей дархан көңілді, немересіне жылуын аямайтын, ақылдары теңіздей терең жан жоқ деп ойлаймын. Мына оқиға есіме түссе әлі күлкім келеді. Бірде әжем екеуіміз қалада автобуста келе жатыр едік. Автобуста адам көп, бір үлкен қария тұр екен. Әжем ұшып тұрып, орын берді. Отырыңыз мына орынға деп. Мен әжеме қарап, сонда мен тұрып тұрам ба дедім өкпелеп. Әжем менің тізем саған орын емес пе, отыр осыған демесі бар ма? Әжем сөзге өте шебер, кез-келген жерде сөзді қиыстырып айта қояды. Тілі өте қуақы. Бізді немерелерін күл-

кіге қарқ қылады да жүреді. Әжемнің бал татыған тамақтарын айтсаңшы, бөліш дейсің бе, тәтті тоқаш дейсің бе әжетайым пісірген тағамдарды біз таласа жейміз. Ал енді атама келейін, атам ауданға белгілі физик. Талай шәкіртіне білім нәрін сусындапқан атам, үйде немерелеріне өте мейірімді. Атам бау-бақшаның шебері. Ол екен жеміс ағашынан біздің қалада автобуста келе жатыр едік. Автобуста адам көп, бір үлкен қария тұр екен. Әжем ұшып тұрып, орын берді. Отырыңыз мына орынға деп. Мен әжеме қарап, сонда мен тұрып тұрам ба дедім өкпелеп. Әжем менің тізем саған орын емес пе, отыр осыған демесі бар ма? Әжем сөзге өте шебер, кез-келген жерде сөзді қиыстырып айта қояды. Тілі өте қуақы. Бізді немерелерін күл-

Аялуым мынаны оқы, мынаны көр, саған керек деп білімімді арттыруға мән береді. Мен қалада тұрамын. Балалық кезімнің ең тамаша кезеңі атам мен әжемнің үйінде яғни Ойылда өткен шақтарым десем болады. Мен осындай ата-әжем болғанына мақтанамын. Ата-Әже екеуің ауырмандаршы, біз сіздерді қатты жақсы көреміз, біз немерелер барғанда алдымыздан жырықпап шыға беріндерші, деген немерелік ақ тілегімді жеткізім келеді...

Аялуым Асыланқызы МӘМЕДОВА,
Ақтөбе қаласы,
№72 Ә.Кекілбаев атындағы мектеп-гимназияның 8 сынып оқушысы.